

Хаттама №4

Қамқоршылық кеңес отырысы

05.05.2022 ж.

Қатысушылар:

Он топ ата-аналар комитетінің төрағалары, Ақтөбе облысы маслихаты депутаты – Вишняк С.В, әкімшілік, кәсіподақ комитетінің төрайымы және №39 «Достық» бөбекжай – балабақшасының педагогтары.

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы басшының есебі.
№39 «Достық» б/б Меңгерушісі Уркимбаева А.Ж
2. Ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесінің жай-күйіне, жағдайларына және нәтижелеріне қанағаттанушылық дәрежесін мониторингтеу нәтижелері
Әдіскер: Аманжолова А.С.
3. «Білім беру қызметтерінің сапасы, мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-гигиеналық жағдайлары, тамақтану сапасы, материалдық-техникалық базаның жағдайы туралы
Мектепалды топтарының ата-аналар комитеттерінің төрайымдары
4. *Әр түрлі сұрақтар.*

Бірінші сұрақта балабақша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж Қазақстан Республикасының «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарынан кейін 2011 жылдың қаңтар айында МКҚК №39 «Достық» МДҰ қолданысқа берілді. Ғимарат 1979 жылында салынған. Екі қабатты типтік ғимаратта орналасқан. Балабақшада музыкалық зал, денешынықтыру залы, топ бөлмелері, қазақ/орыс/ағылшын тілдер, өзін-өзі тану кабинеттері, меңгеруші, әдіскер, медбике, есепші кабинеттері, изолятор, егу, кір жуу бөлмесі және асхана бар. Штаттық кесте бойынша мекемеде барлығы – 56 қызметкер, оның ішінде 27 педагог. Жоба қуаттылығы: 280 орын. Балабақшада 10 топ:

кіші-1, ортаңғы –3, ересек – 3, мектепалды даярлық – 3 топ

28.02.2022 ж. барлық бала саны – 295, оның 6 тобындаа 200 балаға оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі. Шанхай мөлтек ауданының 35 % балаларын қамтиды. Бөбекжай-балабақшада балалардың өмірін ұйымдастыру туралы ақпараттандыру, сондай-ақ ата-аналармен және жұртшылықпен кері байланыс үшін балабақшада ресми сайт, Инстаграм, Фейсбук әлеуметтік желілеріндегі беттер және ютуб-арнасы бар. Хабардарлықтың, ашықтықтың арқасында халықтың мектепке дейінгі мекеменің білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануы артады. Әлеуметтік желілердің осы беттерінен ресми мәліметтерді, балабақша тарихын, жаңалықтарды біле алады, оларға жоспарлар, ашық сабақтар, балабақшада өткізілетін іс-шаралар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жетістіктері жарияланады. Сонымен қатар, Веб бетте 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық және оқу жоспары, сондай-ақ 2020-2025 жылдарға арналған балабақшаның Даму бағдарламасы және "Рухани жаңғыру" жұмыс жоспары орналастырылған 28.01.2011 жылдағы №158 Санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша

МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының жобалық қуаттылығы -280 орын. 2020 жылдан бастап балалар контингенті Санитарлық Ережелеріне және мектепке дейінгі мекеме Жарғысының талаптарына сәйкес келтірілді. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндіктері шектеулі келушілер үшін №39 "Достық" бөбекжай-балабақшасының аумағында және ғимаратында арнайы жағдайлар Білім алушылардың соңғы 2 жылдың жалпы санынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың үлесі – 20 тәрбиеленуші Кедегісіз ортаның болуы - Пандус – бар.Тактильді жолдар – бар Брайль тақтайшалары – бар.Мнемотаблицаалар – бар. Сигналдық белгілер – бар. Кең кіреберістер (1,5м) – жасалынды. Дәретханалардағы арнайы құрылғылар – жасалынды. Педагогтердің жалпы санынан инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі – 93 % . Психологтың сүйемелдеуін ұйымдастыру- бар

Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша әдіскер Аманжолова А.С 2021-2022 оқу жылының мониторинг қорытындылары бойынша талдамалық анықтамалар негізінде жүргізілген жұмыстың тиімділігі, нормативтік көрсеткіштермен салыстыру айқындалады, проблемалар, оларды шешу жолдары және жаңа оқу жылында іске асыру үшін басым міндеттері әзірленді және айқындалды. Қатысушылар саны: 165 отбасы.

Сауалнама жүргізу кезеңі: 2021-2022 оқу жылы 22-30 сәуір. Ата-аналарға сауалнама жүргізу нәтижесінде әртүрлі жастағы балалардың ата-аналарымен өзара әрекеттесуі туралы әртүрлі ұстанымдары анықталды.

Мектепке дейінгі мекеменің ата-аналарының көпшілігі (89%) балабақша баланың мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін ойыншықтармен, ойын жабдықтарымен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген деп санайды. Балабақшада өскелең ұрпақтың дене бітімі мен денсаулығына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл сауалнамаға қатысқан ересек және мектепалды жастағы ата-аналардың 96% - ын атап өтті. Балабақша техникалық жабдықтармен жабдықталған: Теледидарлар, мультимедиялық құрылғылар, музыкалық орталықтар, компьютерлер, Басқа жабдықтар; балабақшада сапалы педагогикалық процесті ұйымдастыруға арналған кітаптар, оқулықтар, балалар журналдары, әдістемелік материалдар жеткілікті. Бұл пікірге барлық жастағы ата – аналар келісті (94-96%). Түлектердің ата-аналарының пікірі (98%) тәрбиешілер әр балаға жайлы және қауіпсіз жағдай жасауға дайын, мамандар толыққанды дамыған, баланы тәрбиелеу үшін мақсаттарын оңтайлы екеніне келіседі. Дайындық топтары балаларының ата-аналары балабақшаның жұмыс режимі баланың толыққанды дамуы үшін оңтайлы және ата-аналар үшін ыңғайлы екенін атап өтті (97%). Сауалнамаға қатысқан орта және үлкен жастағы ата-аналардың көпшілігі балабақшаның ұсынылған жұмыс режимін үйірмелерге бару үшін ең ыңғайлы деп анықтады (88-90%).Ата – аналардың негізгі көпшілігінің пікірі бойынша педагогтер баланы тәрбиелеу мәселелерінде консультациялық және өзге де көмекті жеткілікті дәрежеде ұсынады, бұл балаларға балабақшада уақытты қызығушылықпен және пайдалы өткізуге мүмкіндік береді (91-95%). Барлық жастағы топтардың ата-аналары балабақшада баланың қабілеттерін ашуға, олардың танымдық қызығушылықтары мен ақылға қонымды қажеттіліктерін қанағаттандыруға барлық жағдай жасалған деп санайды (94-98%).

Ересек және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары балалардың мектепке дайындық деңгейіне баға беруді сұрады. Олар балабақшаға барудың арқасында бала мектепке түсуге дайын және жасына сәйкес қажетті білім мен дағдыларды (98%) алғанын атап өтті. Сондай-ақ, Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ата-аналарына мекемені басқаруға қатысу, балабақшаның жұмысын жақсартуға бағытталған

ұсыныстар енгізу мүмкіндігі беріледі, ата-аналардың кез-келген ұсыныстарын балабақша әкімшілігі мен мұғалімдері жедел қарастырады, әрі қарайғы жұмыс кезінде ескеріледі. Бұл көзқарасты барлық жастағы топтардың ата-аналары ұстанады (96%). Осылайша, ата-аналарға сауалнама жүргізу нәтижесінде:

- ата - аналардың балаларын тәрбиелеу туралы пікірлері
- ата-аналармен өзара әрекеттесудің ең тиімді формалары көрсетілген.

Ата-аналардың сауалнамасын талдау көрсеткендей, олардың көпшілігі баласының интеллектуалды дамуын, танымдық қызығушылықтары мен ақылға қонымды қажеттіліктерін қанағаттандыруды, мектепке сапалы дайындықты күтеді және нәтижесінде өмір мен қоғамға бейімделген мектеп жасына дейінгі баланың мектепке дайындығы жоғары деңгейде екеніне сенімдерін білдірді.

Үшінші сұрақ бойынша ата – ана Боровинская О. бөбекжай-балабақшаға біздің тарапымыздан ешқашан шағым болған жоқ. Менің балам әрдайым балабақшаға ынтасымен келіп, кеткісі келмей ерекше көңіл күймен қайтады. Маған ұнайтыны тәрбиешілердің әр балаға икемделіп оларға ерекше көзқарас танутуы. Барлығына да тілдерін тауып, жол таба біледі.

Ақтөбе облысы маслихаты депутаты Вишняк С.В: Менің айтып өткім келетіні қамқоршылық кеңесі әрдайым біздің бақылауымызда екені. Көбісі ойлайды, педагогтар жағында екен деп. Жоқ, олай емес! Біз сіздермен, яғни, ата-аналармен бірге балабақшаны бірлесіп бақылауда ұстаймыз. Бағалауға келсек, мен сіздердің жұмыстарыңызға жоғары баға қоямын. Себебі, балабақшада жұмыс жүріп жатыр.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібінің барлық сұрақтарын талқылай отырып,

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымның қызметі жоғары деп бағалансын.
2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру процесінің жай-күйі, жағдайлары және нәтижелері өте жақсы деп бағалансын.
3. Білім беру қызметтерінің сапасы жақсы деңгейде деп бағалансын.

Хатшы:  әдіскер Аманжолова А.С